

ХИМИЯ – ИННОВАЦИЯ МЕН БОЛАШАҚТЫҢ ҒЫЛЫМЫ

Мен Назарбекова Сәуле Полатқызы химия ғылымының докторы, профессор, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің түлегімін, осы жоғарғы оқу орнында 40 жылдам астам уақыт еңбек етіп келемін. Мамандығым химия саласында, атап айтқанда оның ғылыми-теориялық негіздері, технологиясы және де педагогикасы.

Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда

Үлкен бақыт табу үшін ғаламда

Үлкен болып қалу үшін ғаламда

Үлкен арман керек екен адамға, - деп, ақын Мұхтар Шаханов айтқандай арман бәрімізге керек, ол бізге бағыт, күш-қуат береді. Жарқын болашақтың бейнесі сіздер армандаған мамандықтар туралы ой өрбіткім келеді. Арманына ақылды ғана жетеді, өз мамандығын дұрыс таңдау, бұл – өмірде бақытты болудың бірден-бір жолы екені бәрімізге мәлім.

Қазіргі таңда Қазақстанда 600-ден аса мамандық бар болса, соның ең сұранысқа ие 10 мамандық ішінде – осы Химия мамандығы бар екендігін мен мақтанышпен айтқым келеді. Күніне әлем бойынша 500-ден аса жаңа зат алынады, әлі де жаңа жанама химиялық элементтер ашылуда, мүмкін сол жаңалықты ашатындардың бірі сіздер боларсыздар деген ойдамын. Халықаралық НОБЕЛЬ сыйлығының ең көп иегерлері химия саласындағы мамандар екендігі көпшілікке мәлім.

Студенттерге қазақ, ағылшын және орыс тілінде химияның заманауи кәсіптік пәндері бойынша дәріс беремін, олармен ғылыми жұмыстар жүргіземін, студенттердің білімге, ғылымға деген ынта-жігері, қызығушылығы өте жоғары. Олар мені де шабыттандырады және де менің оларға деген еңбегім еселей түсетіні сөзсіз. Мен өз манды-

ғымды өмірде дұрыс таңдағаныма кәміл сенімдемін.

Мамандық таңдау – әр адамның ересек өмірін айқындайтын қадам. Қандай мамандықты таңдау керек? Болашақта еңбек нарығында қалай сұранысқа ие болу керек? Міне, осы сұрақтар қазір сіздерді мазалауы керек.

Мамандықты дұрыс таңдау – өмірден өз орнын табу деген сөз екені мәлім. Бұл – сіздердің өміріңіздегі қиын да, жауапты қадам. Сіздерге ұнайтын жұмысты істеу мүмкіндігі болған кезде ғана, сіз қанағаттану сезімімен өмір сүресіздер және бақытты боласыздар.

Кәсіби болашағыңызды ойлай отырып, сіздер бүгін өзіңіздің болашағыңызға ойша қозғалыс жасайсыздар.

Бүгінгі таңда болашақ мамандығыңыз туралы нақты түсінік болмаса да, сіз айналаңыздағы әлемді, адамдардың іс-әрекетін бақылап отырасыз, болашақта өзіңізді елестетесіз.

Мамандықты дұрыс таңдау – сіздің болашақ табысыңыздың кепілі, өміріңізді арнаған жұмысыңызға қанағаттануыңыз!

Мамандықты таңдағанда, сіз өміріңіздің көп бөлігінде онымен айналысатыныызды түсінуіңіз керек. Қарапайым адам көп жұмыс істейді, аз тынығады, сондықтан таңдаған мамандығыңыздан ләззат алуыңыз керек. Дегенмен, «оны қалтаға салуға болмайды», сондықтан дұрыс емес таңдау сізді бір үзім нансыз қалдыруы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін өмірде табысқа жете алатын, сұранысқа ие мамандықты таңдау керек екендігі нақты. Армандаған мамандықты таңдау – жарқын болашақ бейнесі екені сөзсіз!

Сәуле НАЗАРБЕКОВА,
химия ғылымының
докторы, профессор